

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 159 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 14-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік декларациялар толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" № 378 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Ереженің 1-тармағының "г" тармақшасында көзделген өзгерістер (Осы Шешімге қосымша) 2016 жылғы 1 шілдеден бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 29 қарашадағы  
№ 159 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден төлемдерін төлеу жөніндегі жеңілдіктер сыныптауышының 1.1 кіші бөлімде (7-қосымша):

а) СМ коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің туын көтеріп жүзетін, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және 2018 жылғы 1 қаңтарды қоса алғанда, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған Еуразиялық СМ"; экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кемелер тізілімінде тіркелген балық, теңіз, өнімдерін (ЕАЭО СЭҚ ТН 8902 00 100 0 коды) қайта өңдеу мен консервілеу үшін балық аулайтын кемелерге, жүзбелі базалар мен өзге де кемелерге қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату

б) ВЛ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"Аэроғарыш саласында пайдаланылатын титан құймалары мен қорытпаларын өндіруге арналған және 2016 жылғы 1 қаңтарынан бастап 2021 жылғы 31 тамызға дейінгі кезеңде жыл сайын 40 тоннадан OT";  
аспайтын көлемде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, ЕАЭО СЭҚ ТН 2823 00 000 0 кодымен сыныпталатын титан оксидтеріне қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату

в) ПЛ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 57 шешімімен бекітілген Қабылдаулар үйінің құрылысы мен ресми іс-шаралар өткізу мақсатында Қырғыз Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың ДП";  
тізбесіне сәйкес 2016 жылы Қабылдаулар үйінің құрылысы мен ресми іс-шаралар өткізу мақсатында Қырғыз Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату

г) СК коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 9 тамыздағы № 64 шешімімен бекітілген кеме жасау өнеркәсібі үшін станоктардың жеке түрінің тізбесіне сәйкес Ресей Федерациясының мемлекеттік қорғаныс СЗ";  
тапсырысын орындау мақсатында кеме жасау өнеркәсібі үшін 2016 жылғы 1 шілдеден бастап 2016 жылғы 31 қазанды қоса алғанда, Ресей Федерациясына әкелінетін станоктарға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату

2. Кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар мен мәлімет түрлерінің сыныптауышында (8-қосымша):

а) 1-бөлімде:

01018 коды бар позиция алып тасталсын;

01018 коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"01081 Дәрілік заттарды әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжаты)";

01332 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"01341 құрамында озонды бұзатын заттар бар озонды бұзатын заттар мен өнімдерді әкелуге және (немесе) әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты)";

б) 10-бөлімнің 10051 коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"10051

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Дәрілік заттар айналымының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің 14-бабында көзделген немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің дәрілік заттарының мемлекеттік тізіліміне сәйкес келетін Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарының бірыңғай тізіліміне тіркелген дәрілік заттарды енгізу туралы мәліметтер".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК